



3 бет



### АДАМ САУДАСЫ АСҚЫНЫП ТҮР

Адам құқығы мен бостандығына өрескел нұқсан келтіретін ауыр қылмыс түрі – адам саудасы. Жыл сайын мыңдаған ер мен әйел, тіпті балалар өз Отанында немесе шетелде адам саудалайтын қылмыскерлердің қолына түсуі мүмкін. Өкінішке орай, біздің елімізде адам саудасына қатысты деректер жиі кездеседі.

4 бет



### КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Көп балалы отбасылар үшін қайырымдылық акциясын Петропавл қаласының Полиция басқармасымен бірлесіп, «Amanat» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының қызметкерлері ұйымдастырды.

8 бет



### ЖЕҢІСТІҢ ЖЕМІСТІ ЖАЛҒАСЫ

ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының 1-курс курсанттары Рамина Тұрсынғали мен Әсем Қуандықова Семей қаласында самбодан әйелдер арасында өткен жарыста үшінші орынды иеленді.



## ЕЛОРДАНЫҢ ҮЗДІК УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЫ

Астана қаласы Полиция департаменті Байқоңыр ауданы Жергілікті полиция қызметі бөлімінің полиция инспекторы, полиция майоры Асқар Папышев Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының «Үздік учаскелік полиция инспекторы» қалалық байқауының жеңімпазы атанды.

Байқаудың негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда кәсіби шеберлікті, білім мен дағдыларды ұдайы жетілдіру, сондай-ақ жеке құрам арасында заңдылық пен тәртіпті нығайту.

Байқауға қатысушылар қызметі реттейтін нормативтік-құқықтық актілер бойынша тестілеуден өтті. Қазылар алқасын таңдау кезінде қызметтегі жетістіктері, халықтың сенім деңгейі, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша халықпен жұмыстың инновациялық нысан-

дарын енгізу, сондай-ақ сервистік полицияның сапа стандарттарына сәйкестігі назарға алынды. Қазылар алқасы жарыс жолындағылармен әңгімелесу арқылы ең үздігін таңдады. Байқау қорытындысы бойынша Асқар Папышев үздік нәтиже көрсетті.

Ішкі істер органдарында ол 10 жылдан астам уақыт қызмет атқарып келеді. Учаскелік аумақтағы сенім тапсырылған учаскенің мән-жайын жақсы біліп, ол тұрғындармен тәулік бойы байланыста болады. Әрқашан уақтылы

жауап беруді күнделікті әдетіне айналдырған. Полиция майоры халықтың құрметі мен сенімін басты кәсіби жетістік деп санайды.

Полицейдің және жалпы ішкі істер органдарының имиджі көбінесе азаматтардың кәсіби шеберлігіне, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, сыпайы және әдепті қарым-қатынасына байланысты. Биыл ол ерлігі мен батылдығының арқасында үш адамның өмірін құтқарды. Атап айтсақ, 11 тамызда полицияның «102» шұғыл шақыру арнасына екі жас баласы бар әйел-

дің көп қабатты үйдің 9-қабатының терезесінен секіргелі тұрғаны туралы хабарлама түскен. Полиция майоры оқиға орнына жедел барып, әйел мен балаларды пәтердің ішіне алып кіріп, аман алып қалған. Кейінірек аталған отбасына қажетті психологиялық көмек көрсетілді.

Қалалық байқаудың жеңімпазын құттықтау барысында Астана қаласының Полиция департаменті бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаев қызметкер туралы оң пікірін білдірді. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек тәртіп сақшысына жүктелген міндетті мінсіз атқарып, ел тыныштығын қамтамасыз етуге өз үлесін қосқан Асқардың қызметіне сәттілік тілеп, алғысхат табыстады.

Гүлмира ШЫРАХМЕТОВА,  
Астана қаласы ПД

### ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!



Басылымдарға жазылу Қазақстан бойынша барлық жазылымды ұйымдастырушы мекемелер арқылы жүргізіледі.

Егер сіз полицияның маңызды оқиғалары мен жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе, «ҚР ІІО Медиа орталығы» ЖШС басылымдарына 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылуды ұмытпаңыз!

**Saqshy**  
газетінің индексі: 65395

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4308 теңге**  
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4411, 20 теңге**

**На страже**  
газетінің индексі: 65368

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4308 теңге**  
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4411,20 теңге**

**Polisia.KZ**  
журналының индексі 75744

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 5803,80 теңге**  
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 5829,60 теңге**

## ЖЕТІ КҮН



✓ Алматыда Сергек интеллектуалды жүйесі жаяу жүргіншілер өткелдерінде адамдарды елемейтін жүргізушілерді тіркейтін болады. Талдау көрсеткендей, биылғы жылдың 11 айында автокөлік деңгелектерінің астында 556 жаяу жүргінші қаза тапты, оның 478-і жаяу жүргіншілер өткелінде. Бұзушылықтар ҚР ӘҚБтК-нің 600-бабына сәйкес «Жаяу жүргіншілердің немесе жол қозғалысының өзге де қатысушыларының жүріне басымдық бермеу» тіркеледі. Мысалы, егер автокөлік жаяу жүргіншіден кейін жүрсен, бұл жол жүрісі қағидасын бұзу болып саналмайды. Ал егер жүргізуші жаяу жүргіншіге жол бермесе және тоқтамаса, оған айыппұл салынады. Егер жаяу жүргінші де, көлік құралы да бір қиылысу аймағында болса, бұл әкімшілік құқық бұзушылық болып тіркеледі.

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен арнайы бақылауға алынған және есірткіні өндіру әрі әзірлеу үшін қолданылатын құралдардың тізбесіне өзгерістер енгізілді. Қазіргі уақытқа дейін тізбеде барлығы үш зат болды (ампулаларды толтыруға, оларды тығыздауға және дәрі-дәрмекті басуға арналған жабдық). Алайда халықаралық заңнамаға және БҰҰ есірткі заттары жөніндегі комиссиясының ұсынымдарына сәйкес, сондай-ақ синтетикалық есірткіні заңсыз өндіру фактілерінің өсуіне байланысты аталған тізбені толықтыру туралы шешім қабылданды. Осылайша есірткіні өндіруге және әзірлеуге арналған құрал-жабдықтардың тізбесі зертханалық реактор, вакуумдық сорғы, магниттік араластырғыш, колбожылытқыш, конденсаторлар секілді және тағы да басқа 19 жаңа атаумен толықтырылды.

✓ Қазақстандық полицейлер бір күнде аязда қалған 2 мыңнан астам азаматты құтқарды. Қазақстанның бірнеше өңірінде қолайсыз ауа райы сақталуда. 50-ге жуық халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар жол учаскесі жабық. Тәулік бойы Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облысы, Ақмола мен Жетісу облыстарының полицейлері жолдарда ауа райының қолайсыздығынан зардап шеккен адамдарға көмек көрсетіп жатыр. 331 жылыту пунктінде жұмыс істеп тұр, онда тәртіп сақшылары 2013-ке жуық адамды эвакуациялады.

✓ Тек 14 желтоқсанның өзінде 2660 азаматқа көмек көрсетілді, оның ішінде 118 бала бар. Полицейлер ауыр жол-көлік оқиғаларының алдын алды. Тәртіп сақшылары жүргізушілерге қатты аяздан қатып қалған жанар-жағармайды қалыпқа келтіруге, көлікті жөндеуге көмектесті. Сондай-ақ қатты аязда жолаушыларға ыстық шай беріп, жылытуға тырысты. Ауа райының құбылмалдылығынан полицейлер 3100-ге жуық адамды құтқарды.

✓ Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Жыланды ауылының бірнеше тұрғынына тиесілі жылқы табынының жоғалғаны туралы арыз 12 желтоқсанда полиция бөліміне келіп түсті. Иелерінің айтуынша, жайылымда жүрген 103 жылқы 5 желтоқсанда жоғалып кеткен. Бір апта ішінде ауыл тұрғындары өздері іздеп, содан кейін ғана полициядан көмек сұраған. Ақмолалықтар шығынды 30 млн теңгеге бағалады. Жоғалған жылқыларды іздеуде полицейлер қабылдаған шаралардың нәтижесінде 14 желтоқсанда жылқылардың барлығы жоғалған жерден 30 шақырым жерде табылып, иелеріне қайтарылды. Белгілі болғандай, ұрлық фактісі расталмады, осыған байланысты қылмыстық істі тергеу тоқтатылады.

✓ ШҚО ПД-да Ювеналды полиция қызметкерлерімен кездесу өтті. Қылмыстарды талдау негізінде облыс бойынша жасөспірімдер қылмысының 15%-ға төмендегенін көрсетті. Бұл ювеналдық қызмет қызметкерлерінің күнделікті жүргізіп отырған сапалы профилактикалық жұмысының нәтижесі екенін көрсетеді. Кездесу барысында аталған бөлімшелерді материалдық-техникалық жарақтандыру, моральдық-психологиялық ахуал, жас қызметкерлерге тәлімгерлік, сондай-ақ басқа да түйткілді мәселелер талқыланды.

## КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

**Ішкі істер министрлігінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасы кеңсесінің басшысы Катержина Вавьерниамен кездесті. өтті.**

Кездесу барысында өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Одан әрі ынтымақтастықтың өзекті бағыттары айқындалды, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғаммен әріптестікті нығайту саласындағы озық тәжірибелер зерделенді.

Кездесуге қатысушылар бірлескен жобаларды іске асыруды жалғастыруға дайын екенін атап өтті.



## БАСЫМ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ



**ИИМ-де тәжік әріптестермен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.**

Қазақстан Республикасы ИИМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің бастығы Қанат Нұрмағамбетов Тәжікстан Республикасы ИИМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының бастығы Шоди Хафиззодамен кездесті.

Кездесуге қатысушылар ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың басым мәселелерін талқылады. Сонымен қатар тараптар өзекті бағыттар бойынша бірлескен өзара іс-қимылды дамытудың одан әрі перспективаларын белгіледі.

Кездесу өзара түсіністік пен сындарлы диалог форматында өтті.

«Сақшы – ақпарат»

## ИИМ 2,5 МЫҢ ҚЫЛМЫСКЕРДІ ҚҰРЫҚТАДЫ

**Арада жылдар өтсе де, шетел асқан қылмыскерді ұстау, далада жоғалған баланы табу, белгісіз жағдайда қаза болған адамның жеке басын анықтау – ИИМ Криминалдық полиция қызметкерлерінің жұмысында кездесетін дүниелер.**

2023 жылдың басынан бері бұл қызметтің жедел уәкілдері 2,5 мың іздеуде жүрген қылмыскерді ұстады. Оның ішінде 34 кісі өлтіруші, 17 қарақшы, 84 тонаушы, 10 бопсалаушы, 11 зорлықшы, 87 есірткі қылмыскері бар.

– Мысалы, осы жылдың шілдесінде Шымкентте жедел-іздістіру іс-шаралары барысында біздің қызметкерлер 2018 жылы Дубайда кісі өлтіргені үшін іздеуде жүрген ер адамды ұстады. Сондай-ақ Таразда 2022 жылдың қараша айынан бастап Қарағанды облысының Полиция департаментімен кісі өлтіруге оқталғаны үшін іздеуде жүрген екі азамат құрықталды, – деді ҚР ИИМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары Руслан Назаров.

Қылмыскерлерді іздеу тек ел аумағымен шектелмейді. Іздестіру жұмыстары басқа мемлекеттерде де жүзеге асырылады. Бұл ретте Интерполдың Ұлттық орталық бюросының мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар

ТМД-ға қатысушы елдердің аумағында жылына екі рет «Іздестіру» операциясы жүргізіледі.

– Елден тыс жерлерде жыл басынан бері 70 қылмыскерді ұстап, одан бөлек тағы іздеуде жүрген 36 адамды анықтадық. Олар АҚШ, Швеция, Германия, Түркия, сондай-ақ өзге де алыс-жақын елдерде табылды, – деп атап өтті Руслан Назаров.

Қазақстан ИИМ Жедел-іздістіру топтары шетелде 34 қылмыскерді ұстап, хабар-ошарсыз кеткен бір адамды тапты. Ал Қазақстан аумағында басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен іздеуде жүрген 374 қылмыскер табылды.

– Мәселен, біздің Жедел-іздістіру тобымыз қараша айында Грузия қалаларының бірінде 2019 жылдың сәуірінен 2020 жылдың ақпанына дейін қаржы пирамидасын құрған және басқарған күдіктіні ұстады. Ол азаматтарға 2 млрд. теңгеден астам шығын келтірген, – деді спикер.

Сонымен қатар осы жылы полицейлер қысқа мерзімде хабар-ошарсыз кеткен 13,5 мыңнан астам азаматты тауып, іздістіру ісі қозғалған 1276 жоғалған адамның орналасқан жерін анықтады.

– Адамдар түрлі жағдайда жоғалып жатады. Олардың жоғалып кетуіне әсер ететін факторлар да жоқ емес. Мысалы, кейбір адамдар жасына, сырқатына байланысты жоғалса, кейбірі туыстарымен қарым-қатынасты ұзу мақсатында жоғалуы мүмкін. Бұған ішімдікке әуестік, құмар ойындарға немесе ставкаларға тәуелділік себеп болуы да мүмкін. Жоғалған адамдарды іздеуде қоғам мен еріктілер ұйымдарының көмегін атап өту қажет. Тек уақтылы полицияға жүгіну мен жедел әрекет ету жазатайым оқиғаның алдын алып, жоғалған адамды анықтауға көмектеседі, – дейді Руслан Назаров.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

## 196 МАЛ ҰРЫСЫ ҰСТАЛДЫ

**Қазақстанда қысқы мерзімде азық қорына арналған соғым сою дәстүрі қалыптасқан. Бірақ дәл осы уақытта мал ұрлығы да жиілейтінін атап өткен жөн. «Мал ұрысы» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында 196 мал ұрысы құрықталды.**

Осыған байланысты жыл сайын Ішкі істер министрлігі мал ұрлығының алдын алу және оған қарсы күресті арттыру бойынша шаралар қабылдайды. Желтоқсан және қараша айларында барлық өңірде «Мал ұрлығы» екі кезеңдік республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылды. Операцияны жүргізуге тек полицейлер ғана емес, ветеринариялық бақылау мен жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері де жұмылдырылды. Бірлескен іс-шаралардың нәтижесінде 196 мал ұрысы және 34 қылмыстық топ ұсталды.

Мәселен, Ақмола облысында екі адамнан тұратын қылмыстық топ ұсталды. Олар қараша айынан бастап қоралар мен сарайлардан 20 бас ұсақ малды ұрлап әкеткен. Қаскөйлер негізі елордада тұрған, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған, сол себепті де құқық қорғау органдарының назарына ілікпеген. Осылайша күдіктілер Ақмола облысының аумағында орналасқан далалы аймаққа үш рет келіп, малды ұрлаған соң, оны сойып, етін Астана қаласының базарларында сатып жіберген. Полицейлер күдікті көлікті байқағаннан кейін ғана

ұрылар Талапкер ауылында төртінші ұрлықты жасау барысында құрықталды.

Уақтылы қабылданған шаралар нәтижесінде биыл мал ұрлығы 13%-ға төмендеп отыр. Сонымен қатар ұрланған жануарлардың жартысынан көбі заңды иелеріне қайтарылды.

Қылмыстық қолсұғушылықтың құрбаны болмау үшін қарапайым ережелерді ұстану қажет: – қойшының қарауынсыз малды қалдырмаңыз. Сіз, ол және әкімшілік арасында үш жақты шарт жасаңыз;

– қазіргі кезде кең таралған техникалық құрылғыларды, малды бақылаудың заманауи әдістерін қолданыңыз;

– малды таңбалауды немесе чиптеуді ұмытпаңыз, бұл болашақта мал іздеуде және иесін анықтауда көмектеседі.

Арман БЕРИК

# АДАМ САУДАСЫ АСҚЫНЫП ТҰР



**Адам құқығы мен бостандығына өрескел нұқсан келтіретін ауыр қылмыс түрі – адам саудасы. Жыл сайын мыңдаған ер мен әйел, тіпті балалар өз Отанында немесе шетелде адам саудалайтын қылмыскерлердің қолына түсуі мүмкін. Өкінішке орай, біздің елімізде адам саудасына қатысты деректер жиі кездеседі. Осыған байланысты ІІМ-де Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің төрағалығымен ведомствоаралық комиссияның 43-ші қорытынды отырысы өтті. Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Әділет, Мәдениет және ақпарат, Сыртқы істер министрліктерінің, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың, Бас прокуратураның, Қаржы мониторинг агенттігінің, ҰҚК Шекара қызметінің басшылығы, сондай-ақ Халықаралық көші-қон ұйымының, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңсесінің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.**

Комиссия отырысында қаралған басты тақырып – адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері. Сонымен қатар ІІМ мен мемлекеттік органдардың 2021-2023 жылдарға арналған адам саудасына байланысты қылмыстың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі үкіметтік жоспарды орындау бойынша жұмысы қаралып, адам саудасының құрбандарына көмек көрсететін баспалар мәселесі талқыланды. Биыл елімізде адам ұрлау әрекеті

бойынша барлығы – 192 дерек тіркелген. Олардың көпшілігі Түркістан облысында тіркелген, аталмыш өңірде – 65 дерек, Астана қаласында – 26, Қызылорда облысында – 21. Жиын басында сөз алған Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Ерікқызы адам саудасына ұшыраған құрбандарға көрсетілетін көмек бойынша атқарылған істер туралы баяндап өтті. – Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес жөніндегі ҚР Үкіметінің адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар негізінде бірқатар жұмыс атқарылуда. Әлеуметтік кодекске сәйкес адам саудасы – қатыгездіктің нысанына жатады және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін негіз болып табылады. Бұл ретте 2016 жылдан бері адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет стан-

дарттары жүзеге асырылып келеді. 2023 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚР-да адам саудасы құрбандарына арналған 19 Дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Орталықтарға қабылдау құрбан болған азаматтардың өз өтініші бойынша немесе Ішкі істер, Әлеуметтік қорғау және басқа да мекемелердің өтініші арқылы жүргізіледі, – деді вице-министр Назгүл Сағындықова. Еліміздегі Дағдарыс орталықтары адам саудасына ұшыраған құрбандарға сегіз бағытта көмек көрсетеді. Олардың қатарына әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік – мәдени, әлеуметтік – экономикалық және әлеуметтік еңбек секілді қызмет бағыттары жатады. Жыл басынан бері арнайы әлеуметтік қызмет үшін ұрланған 192 адамның 72-сі шетелдік азаматтар. Бұдан бөлек Дағдарыс орталығына жүгінген 79 адамға құжат бойынша, ал 162 адамға медициналық көмек көрсетілді. 57 адам жұмыспен қамтылып, 69 адам құқықтық кеңес алған және 37 шетелдік азамат өз еліне қайтарылды. 2023 жылы құрбандарға мемлекеттік бюджеттен 250 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы» бұйрығы жұмыстың бірқатар маңызды бағыттарын, оның ішінде адам саудасы құрбандарының құқықтарын қамтамасыз етуді көздейді. ІІМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің бастығы Қанат Нұрмағамбетов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ІІМ әзірлеген «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауында екенін

айтып, елдегі жағдай мен анықталған қылмыстар, бірлескен жұмыс туралы баяндады. Аталған Заң жобасында адам саудасының алдын алумен бірге оған қарсы күрестің ұйымдық-құқықтық негіздері мен жауапты уәкілетті органдарды анықтау қарастырылған. Одан бөлек заңда адам саудасының құрбандарын қорғау шараларының жүйесін құру мақсаты қойылған.

ІІМ елде аталған қылмыс бойынша «Stop-трафик» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Шараның басты мақсаты – адамдарды сатумен байланысты қылмыстарды анықтау және жолын кесу. Жедел-алдын алу іс-шарасын өткізу барысында пәтерлерді жалға беретін адамдар, ойын-сауық орындары, монша кешендері, сауналар мен қонақ үйлер және өзге де нысандар тексерілді. Бүгінде полиция қызметкерлерінің анықтауымен 153 қылмыстық іс қозғалып, 133 әкімшілік-құқықтық бұзушылық анықталған. 35 азамат бір жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылды.

Талқылау барысында адам саудасына қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысын жақсарту, мәжбүрлі еңбек фактілерін анықтау және жекелеген бағытта бойынша шараларды жандандыру туралы ұсынымдар айтылды. Сөз соңында Ішкі істер министрі Ержан Саденов мемлекеттік органдар өкілдерінің адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа қосқан үлесін атап өтіп, марапаттар табыс етті.

Отырыс соңында Ведомствоаралық комиссия функциялары 2024-2025 жылдары төрағалық ету үшін ІІМ-нен Еңбек министрлігіне берілді. **Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН, Суреттерді түсірген Медет ӘШІРБЕКОВ**

# ЖҮГЕНСІЗДІККЕ ЖОЛ ЖОҚ

**Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасының қызмет көрсету аумағынан тек жолаушылар пойыздары ғана емес, халықаралық бағытта жүк тасымалдаушы пойыздар да қатынайды. Қазақстан теміржолы арқылы жүк транзиті 35%-ға артты. Теміржол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бері айтарлықтай шаруа атқарылып, бірталай шаралар да қабылданды. Бұл жөнінде Көліктегі полиция департаменті Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Шаяхмет Қансейтов сұхбат барысында мәселенің мән-жайын кеңінен баяндады.**

– Шаяхмет Жұмабекұлы, теміржол торабындағы жалпы ахуал қалай?

– Жыл басталғаннан бері былтырмен салыстырғанда құқық бұзушылықтар 85-тен 96-ға өсті. 32 қылмыстық іс аяқталып, оның 23-і сотқа жолданды. Теміржолда ең жиі кездесетін қылмыс – бөтеннің мүлкін ұрлау. Жолаушыларға сақтық шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде түсіндіріледі. Дегенмен жүк пойыздарынан қара металл сынықтарын, көлік деңгелектерін (шина) және спорт тауарларын ұрлау жиі орын алады. Тіпті нәресте жаялықтарын қолды ететіндер де кездесіп жатады. Бірақ жолаушы мен жүк тасымалында жүргенсіздікке жол бермейміз.

– Ізін сұытпай ашылатын ұрлық оқиғалары да кездесетін болар...

– Әрине. Бұл полицейлердің жедел әрекет етуіне де байланысты. Сондай қылмыстың бірі Жетісу облысының Панфилов ауданына қарасты Пенжім ауылдық округінде орналасқан Алтынкөл станциясының теміржол вокзалы ғимаратындағы жеке кәсіпкердің азық-түлік дүкенінде болды. Қылмыскер Алтынкөл теміржол вокзалындағы дүкенге әріптесі екеуі кіріп, үстел үстінде беті дәптермен жабылған қаңылтыр ыдыс ішіндегі ақшалай қаражатты көзі шалған. Сатушы сатып алушылармен саудаласып тұрған сәтте ыдыстың ішінен 20 000 теңгені жымқырып, бой тасалаған. Жеңіл ақшаға құныққан қылмыскер сол азық-түлік дүкеніне қайта барған. Екінші рет 70 000 теңгені ұрлап кеткен. Арада төрт күн өткен соң үшінші рет 50 000 теңгені қолды еткен. Сөйтіп қылмыскер айналасы 15 күннің ішінде дүкен иесін 140 000 теңгеге шығынға батырған.

Қылмыскер 2022 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 188-бабы 3-бөлігінің 2-тармағында

көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін деген айыппен сотқа берілді. 2023 жылдың 17 қаңтарында Жетісу облысы Панфилов аудандық соты қылмыскерге қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан шектеу түріндегі жазасы тағайындалды.

– Иә, жол бойында ұры-қары жүретіні белгілі. Ал есірткі саудасымен айналысқандар болды ма?

– Алматы – тоғыз жолдың торабында тұрған еліміздегі ең ірі мегаполис. Сондықтан есірткі тасымалдау үшін ең ыңғайлы транзиттік қала саналады. Есірткі қылмысы бойынша басқарманың есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл тобы



қызметкерлері есірткіні сатудың екі дерегін анықтап, аса ірі мөлшерде есірткі сақтаудың бір дерегін тіркеді. Басқарма қызметкерлерінің тынымсыз әрекет етуі нәтижесінде заңсыз айналымнан 4 келі 523,19 грамм есірткі заты тәркіленді.

– Қалың жұрттың ортасы саналатын теміржолда қоғамдық тәртіп бұзатындар көп пе?

– Қоғамдық тәртіпті сақтау – баршаның ортақ

міндеті. Алайда жолаушылар қоғамдық орындарда үнемі тәртіп пен ережені сақтай бермейді. Кейбірі арнайы қоғамдық тәртіпті реттейтін заң барын білмей жасаса, екіншілері біле тұра, әдейі ережені бұзуы мүмкін. Қоғамдық орындардағы тәртіп дегенде көбінің есіне қоқыс тастап, шемішке шағып, ластау мәселесі оралады. Сонымен қатар масаң күйде жүру мен ішімдік ішу де қоғамдық тәртіпті бұзылуына алып келеді. Несін жасырайық, осы жылы қоғамдық орында жасалған құқық бұзушылықтар саны күрт өсіп кеткен. Дегенмен пойыздарды шұғыл тежеу санын 10,1%-ға қысқартуға мүмкіндік туды. Мәселен, өткен жылы 118 шұғыл тежеу болса, осы уақытта дейін 106 дерек тіркелді. Бір өттеген-айы, шұғыл тежеу бойынша кінәлілердің жартысынан астамы анықталмады.

Азаматтардың қауіпсіздігін қорғау жолында Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасы қызметкерлері қызмет көрсету аумағында күнделікті қоғамдық тәртіпті сақтау пен құқық бұзушылыққа жол бермеуді қадағалап отырады. Әрине, азаматтардың бәрі бірдей заң талаптарына бағына бермейді. Тіпті кейбірі «Мені көріп қалды ма?» деп кінәсін сезінбейді. Осындай жағдайда құқық бұзушыға әділ шешім шығару – маңызды мәселе.

– Әкімшілік жауапкершілікке тартылатындардың көрсеткіші қандай?

– Әкімшілік қызмет бағыты аясында 2143 адам әртүрлі әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілікке тартылды. Мәселен, ұсақ бұзақылық 214%-ға (21-ден 66-ға дейін); қоғамдық орындарды ластау 137,2%-ға (51-ден 121-ге дейін); алкогольге қарсы заңнаманы бұзу 30,3%-ға (158-ден 206-ға дейін); қоғамдық орындарда тиісу 64,6%-ға (116-дан 191-ге дейін) өсті. Бұл бойынша жұмыстар жандандырылып, түсіндірме жұмыстары қолға алынды.

Бүгінгі күні Көші-қон қызметі бөлімшелерінің қызметкерлері жұмысты жақсарту мақсатында теміржол вокзалдарын, мемлекетаралық және республикалық бағыттағы жолаушылар пойыздарын пысықтауда. Осылайша қабылданған шаралар нәтижесінде 55 Көші-қон заңнамасын бұзушы анықталды. Оның ішінде 13 шетел азаматы Қазақстан Республикасынан шығарылды.

Гауһарай ЕСИМОВА





## ЖОЛДА ҚАЛДЫРМАС САҚШЫЛАР

**Ақмола полицейлері жолда көлігі істен шыққан жүк көлігінің жүргізушісіне көмектесті.**

Полиция қызметкерлері Ақмола жолдарында аяз бен боран кезінде көлік жүргізушілеріне көмек көрсетті. Патрульдеу барысында «Тұлпар-1» экипажындағы ПД ППБ 4-взводының аға инспекторы Аян Жақсылықов пен ПД ППБ инспекторы Евгений Дикке Екатеринбург – Алматы автожолының 944-шақырымында жүк көлігінің тоқтап тұрғаны туралы ақпарат келіп түсті. Жүргізуші Мадир Олжабаевтың айтуынша, ол Ресей шекарасынан Алматы қаласына қарай келе жатқан. Жолда көліктің дизель отыны қатып, аккумулятордың қуаты бітіп қалған. Жүргізуші қатты аязға тап болғандықтан, полиция қызметкерлері оны дереу жылытып, демалу үшін жақын маңдағы қонақ үйге апарған. Тәртіп сақшыларының өздері істен шыққан «КамАЗ» автокөлігі тұрған жол учаскесінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жалғастырды, себебі сынған көлік жолдың дәл орта-

сында тұрып қалған. Осылайша полицейлер екі күн бойы жүргізушіге көлікті қайта жүргізуге көмектескен және жүргізушінің көлікте қатты суыққа тап болмауы үшін оны қонақ үйге апарып, алып келіп отырған.

– Ол кісіге қажет нәрсенің бәрін, яғни тамақ, шай апарып, ер адамның қиындықта жалғыз емес екенін көрсеттік. Біз оны қатты аядық, себебі жүргізуші егде жасқа келіп қалған адам екен. Сондай-ақ оған жолда бөгелмеу өте маңызды екенін түсіндік. Сондықтан екі күн бойы біз оған қолымыздан келгенше көмектестік. Ақырында біз көлікті іске қостық. Риза болған жүргізуші бізге шын жүректен алғыс айтып, жолға шықты, – деді Аян Жақсылықов.

Кейіннен полицейлер жүргізушімен байланысқа шығып, оның Алматы қаласына аман-есен жеткеніне көз жеткізді.

**Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ**

## ҚАРТ АУЛАСЫН ҚАРДАН ТАЗАРТТЫ

**Жамбылдық полицейлер 82 жастағы қарт әжейге қамқорлық танытты.**

Жамбыл облысы Полиция департаменті қызметкерлерінің басым бөлігі қазіргі уақытта тас жолдарда тәулік бойы кезекшілік етіп, қар құрсауында қалған адамдарға көмектесіп жатыр. Бұл уақытта олардың облыс орталығындағы әріптестері де күшейтілген жұмыс режиміне көшті. Олар өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындай отырып, жалғызбасты ардагерлер, көп балалы және аз қамтылған отбасыларға да көмек қолын созуды естен шығармады. Ауа райының күрт на-

шарлауына байланысты тұрғындар бірқатар мәселеге тап болуда. Осындай сын сағаттарда тәртіп сақшылары әрқашан көмекке келуге дайын. Оның жарқын мысалы ретінде бүгінгі қайырымдылық шарасын айтуға болады.

Облыстық ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері 82 жастағы «Алтын алқа» иесі Рауза Қанибетованың үйіне барды. Полицейлер ауланың қарын тазалап, көмір тасып, отын жарды. Бірнеше күнге жететін азық-түлік те сатып алып берді. Қария қызметкерлерге алғысын білдіріп, батасын берді.

## АЖАЛДАН АРАШАЛАДЫ

**Шымкенттік полицей екі адамды өлім аузынан аман алып қалды.**

Патрульдік полиция полкінің қызмет инспекторы Нұржан Айдаровты достары өз арасында «Қаһарман» деп атап кеткен. Тәртіп сақшысы қызмет барысында көпіден секіруге оқталған 30 жастағы жігіт пен тұрғын үйдің 11-қабатынан секіремек болған қызды құтқарып қалған.

– Қала аумағын патрульдеу кезінде Бадам өзенінің үстінде көпіден секіруге оқталып тұрған жалғыз жігітті көзім шалды. Әріптесім екеуіміз алған бағытымызды бірден өзгертіп, артқа қайттық. Оны тоқтатуға асықтық. Іште «Құтқарып үлгерсек екен» деген бір ғана ой болды. Бірнеше секундқа кешіксек, бір отбасы баласынан айырылып қалар еді. Абырой болғанда, көлік-

тен түсе сала шапшаң қимылдап, көпідің жақтауында тұрған жігітті қолтығынан көтеріп, қауіпсіз жерге тартып шығардық. Кейін оның жеке басының мәселелеріне байланысты осы қадамға барғаны белгілі болды, – деп Нұржан Айдаров өткен жазда болған оқиғаны еске алды.

Бұған қоса, ол осыдан 20 күн бұрын көп қабатты үйдің 11-қабатынан секіріп, сүицид жасауға оқталған азаматшаны ажалдан арашалап қалды. Тоғыз жылдан астам еңбек өтілі бар полиция қызметкері оқыс жағдайларда адамдарды құтқарып қалу немесе оларға көмек көрсету өзінің азаматтық борышы деп санайды.

– «Адамның күні – адаммен» деген. Біз жәй ғана себепкерміз, – дейді қарапайымдылықты жаны сүйетін тәртіп сақшысы.

**«Сақшы-ақпарат»**

## КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА КӨМЕК КӨРСЕТТІ

**Көп балалы отбасылар үшін қайырымдылық акциясын Петропавл қаласының Полиция басқармасымен бірлесіп, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының қызметкерлері ұйымдастырды.**



Полицейлер мен партиялықтар ең алдымен Ойқала ауданындағы отбасыға бас сұқты. Қонақтар отбасының мәселелері мен мұң-мұқтажын тыңдап, кеңестерін айтты. Азық-түлік әкеліп берді.

Сондай-ақ бұл күні полиция қызметкерлері мен «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері 5-ші Сенная мекенжайында тұрып жатқан көп балалы отбасыға да барды. 38 жастағы әйел 3 жасан 17 жасқа дейінгі бес баланы тәрбиелеп отыр. Ол Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторымен үнемі байланыста. Балалар қонақтардың келгеніне қуанып, шағын музыкалық

бағдарлама ұйымдастырып қойған. Сыйлықтар үшін алғыстарын айтып, өнерлерін паш етті.

Петропавл қаласы ПБ Жергілікті полиция қызметі бөлімі құрамындағы Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция майоры Әсем Илиясованың айтуынша, көмекке мұқтаж отбасылардың үйлеріне барып, бетпе-бет сөйлесу өте тиімді. Мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірлесіп, пәтерлерді аралау құқық бұзушылықтарды бақылауда ұстауға, жедел ден қойып, қиын жағдайларға тап болған адамдарға көмектесуге мүмкіндік береді.

**Юрий КЛЫКОВ,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі**



## ЖАН ЖЫЛУЫ

**«Жаныңда жүр жақсы адам». Осы бір терең мағынаға толы сөз Астана станциясындағы Желілік полиция бөлімшесінің Патрульдік полиция взводының полицейі, полиция аға сержанты Наурызбай Сұхановқа арналғандай. Ол – Арқалық қаласының тумасы. Жасы 25-те. Көп балалы отбасында дүниеге келген азамат кішкентайынан «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» дегенді бойына сіңіргені сезіледі.**

Наурызбай Сұханов политехникалық колледжде білім алып, 2017 жылы әскери борышын өтеген соң бірден ішкі істер органдарында қызмет етемін деп шешім қабылдаған. Міне, бес жылдан бері қызығы мен қиындығы қатар өрілген жауапты қызметті абыроймен атқарып жүр. 2020 жылы жары Мәдинамен отау құрып, жас отбасында өмірге Әдия есімді қыз бен Мұхаммед-Жан есімді ұл келген.

Тағдырға не шара бар?! Өкініштісі сол, осыдан екі жыл бұрын Мәдинаның ата-анасы жол апатынан қапияда көз жұмды. Бір сәтте 13,11 және 9 жастағы кәмелетке толмаған үш бала жетім қалды. «Мәдина екеуіміз туысқандарымызға балаларды бөліп жібермей, үшеуін де өзіміздің қамқорымызға алатынымызды айттық» дейді Наурызбай.

Қазір балалардың үлкені Самат

9-сыныпта оқиды. Оның да арманы полиция қызметкері болу екен. Одан кейінгі Нұрайымның жасы 13-те, ол ақ халатты абзал жан атануды армандайды. Ал Жанерке – 4 сыныптың оқушысы. «Орнында бар оңалар» дейді дана халқымыз. Тұған әкелеріндей болмаса да, арқа сүйер Наурызбайдай жездесі, Мәдинадай жанашыр сүйікті әпкесі бар жеткіншектер ешкімнен кем емес. Көйлегі көк, тамағы тоқ. Сабақ үлгерімдері де жақсы. Қолдары бос кезде әпкелеріне көмектеседі. Мәдинаның мамандығы – медбике, бүгінде бала күтіміне байланысты демалыста. Ынтымағы жарасқан жылы жүректі жандар қазір бес баланы осылайша тәрбиелеп отыр.

«Мөлдіреген көздеріне мұң ұялаған сәбилерге ең қажеті – жан жылуы. Әр бала аялаумен, әлпештеумен өседі, әрі олардың

барлығы да бақытты болуға лайық» дейді Наурызбай.

Полиция аға сержанты қызметте де тәртіпті, жауапкершілікті терең сезінетін, өз ісіне адал қызметкер ретінде құрметке ие. «Қарапайым, әрқашан адамдарға көмектесуге дайын тұрады, сондықтан ортамызда өте сыйлы» дейді әріптестері.

Бір хадисте: «Кім Алла үшін бір жетімнің басынан сипаса, қолы тиіп өткен әрбір шашы үшін сауап алады» делінген екен. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған үш бірдей баланы жатсынбай, өзеге жауғандетпей, оларға барынша қамқорлық танытып, бауырына басып жүрген Наурызбайдай азаматқа айтар алғысымыз шексіз. «Адамгершіліктің биігінен көріне білдің, енді қызметіңде де өсе бер, өрлей бер, Наурызжан!» демекпіз.

**Ләззат БАҚАШҚЫЗЫ**



## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН

**Орал қалалық Полиция басқармасының №17 учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Жангелді Тұрарбекұлы – жауапты қызметті абыроймен атқарып жүрген азаматтардың бірі. Ол батыстық әріптестерінің арасынан топ жарып, жақында «Үздік учаскелік полиция инспекторы» атанды.**



Жангелді Аманғали Астана қаласындағы Қаржы полициясы академиясын құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша тәмамдап, ішкі істер органдарына 2012 жылы аяқ басады. Қазіргі таңдағы қызметіне 2016 жылы тағайындалып, содан бері аянбай еңбек етіп келеді.

– Біз қызмет ететін №17 учаскелік полиция пункті №3 шағынауданды қамтиды. Адам саны өте көп, орта есеппен алғанда 30 мыңға жуық тұрғын бар. Сондықтан түрлі қылмыстар орын алады. Атап айтсақ, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық фактілері тіркеліп жатады. Отбасындағы құқық бұзушылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері жиі кездеседі.

полиция инспекторы Жангелді Тұрарбекұлымен жұмыс барысында таныстық. Қызмет барысында үйлердің аулаларында тұрғындармен жиналыс өткізіп тұрамыз. Жиналыс кезінде тұрғындар учаскелік полиция инспекторына түрлі сұрақтар қояды. Жангелді тұрғындардың әр сұрағына байыппен нақты жауап береді. Тұрғындардың ешбір арызы жауапсыз қалған емес. Әрдайым жедел түрде қызмет көрсетуге дайын, – деп пікірін білдірді «Престиж» БК ЖШС Бас директоры Татьяна Кандохина.

Сонымен бірге Жангелдінің жұмысына өзі бекітілген аумақтағы тұрғындар да риза.

– Жангелді балам үлкенге де, кішіге де әрдайым көмекке келуге дайын тұрады. Ол – өз ісінің маманы, ол халыққа қажетті лауазымды атқарып отыр. Біз бәріміз оған ризамыз, – деп аналық ықыласын білдірген Талшын есімді апай.

Жангелді қызметінде бетке ұстар қызметкер, сондай-ақ үйде де үлгілі отағасы, қамқор әке. Жолдасы Исмира екеуі жоғары оқу орнында бірге оқыған. Бүгінгі таңда екеуі де – Орал қалалық Полиция басқармасының жергілікті полиция қызметінде. Олар – Айша және Хадиша есімді егіз қыздар мен Амир есімді ұлдың аяулы ата-анасы.

**Асыләй ТАЛҒАТҚЫЗЫ, Батыс Қазақстан облысы ПД**



## КУРСАНТТАР - БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕ

**ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы кәсіби даярлық факультетінің 1-курс курсанттары арасында Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елдің жалынды жастары» атты зияткерлік сайыс өтті.**

Курсанттар сайысының басында академия бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ғалымжан Есболаев:

– Жастар – Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы үшін өз білімін

салды. Олар өлеңді мәнерлеп оқу, даналық сөздер мен мақал-мәтелдер бойынша мемлекеттік тілдің мәйегін терең түсінуде өзара сынға түсті.

Жарыс қорытындысы бойын-



## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

**Ақтөбеде үздік жасақ бастығы мен үздік пенитенциарлық психолог анықталды.**

Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментінде жасақ бастықтары және психолог мамандары арасында «Үздік жасақ бастығы және үздік пенитенциарлық психолог» конкурсы өтті. Моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту, қыз-

жұмыс істеу барысында жаңа нысандар мен әдіс жұмыстарын, қызметтік міндеттерді сауатты жоспарлауы және орындауы, қызметтік уақытты ұтымды, тиімді пайдалану, сондай-ақ қызметте ахуалдық тапсырманы белгіленген уақытта

сандар мен әдіс жұмыстарын көрсетті.

– Байқау қорытындысына сәйкес жалпы ұпай көрсеткіші нәтижесі бойынша «Үздік жасақ бастығы» номинациясын №9 мекеменің Сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік психологиялық жұмыс бөлімінің жасақ бастығы Азамат Ұзақбаев иеленсе, «Үздік пенитен-



мет тиімділігін ынталандыру, кәсіби дайындықты жетілдіру, сотталғандармен тәрбие жұмысының сапасын арттыру және жаңа нысандар мен әдістерді енгізуді мақсат еткен облыстық конкурсқа Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментіне бағынысты №70, №8 және №9 мекемелердің тәрбие қызметтерінің қызметкерлері қатысты. Олар өздерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын білуі және практикада шебер қолдануы, қызметтік құжаттаманы жүргізу және арнайы контингентпен

шешу бойынша жұмыстарын көрсетіп, қорғады.

Конкурс барысында жасақ бастықтары және психологтар байқауға қатысушылардың біліктілік деңгейін анықтауға қазылық еткен облыстық ҚАЖ департаментінің бөлім бастықтары, ҚАЖ ардагерлер кеңесінің мүшелері, қоғамдық байқау комиссиясы мүшелеріне төрт кезең бойынша өздерінің сәлемдесулерін, дайындаған бейнероликтерін, кәсіби даярлықтарын, құжаттамаларын және арнайы контингентпен жұмыс істеу барысында жаңа ны-

циарлық психолог» номинациясын №70 мекеменің психологы Фарида Куписова жеңіп алды, – дейді Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаменті Сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмысы тобының бас маманы Руслан Төлегенов.

Жұлделі орындарға ие болған конкурсқа қатысушылар Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаменті бастығының грамоталарымен марапатталды.

**Ерболат САРҚҰЛОВ, Ақтөбе облысы ПД**

жұмсайтын қозғаушы күш. Сендерге, болашақ офицерлерге жүктелетін жауапкершілік өте жоғары. Өйткені егеменді еліміздің келешегі сендердің қолдарыңда. Сондықтан академия қабырғасында алған білімдеріңді ел азаматтарының конституциялық құқы мен қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмсап, Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге сүбелі үлес қосады деп сенемін, – деді.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту аясында ұйымдастырылған жарысқа төрт команда қатысты. «Алаш елі», «Бес арыс», «Оян, қазақ», «Айқап» атты топтар арасында өткен тартыста бар өнерін

ша бірінші орынды «Айқап», екінші орынды «Алаш елі», үшінші орынды «Бес арыс» топтары иеленді. Сондай-ақ зияткерлік сайыс барысында «Ең үздік сөз зергері», «Ең үздік команда капитаны», «Жеңіске ұмтылысы үшін» аталымдары бойынша да жүлдегерлер анықталды.

Жеңімпаз командалар мен аталым жүлдегерлері академия бастығы, полиция генерал-майоры А.Сайтбековтің атынан грамоталармен марапатталды.

**Динара АСАНОВА, М.Есболатов атындағы Алматы академиясы**

ӘДЕБИ КЕШ

## ДАУЫЛПАЗ АҚЫН ЕРЛІГІ ДӘРІПТЕЛДІ

**Ақын, ұлт азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында «Махамбет – өр рухты ақын» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Кеш ақын әрі батыр тұлғаның шығармашылығы мен ерлігін паш етуге арналды.**

Шараның мақсаты – туған жерді сүю, бабалардың ерлік рухын сезіну, ақынның өлеңдерінен рухани күш алу.

Дауылпаз ақынға арналған кешке қатысушылар Махамбеттей күрескер ақынның жырларымен сусындап, өнегесінен тәлім алды. Ерлік, батырлық, отансүйгіштік қасиеттерін үлгі тұтып, шығармаларынан рухани азық алды.

Шара барысында Махамбеттің өмірі мен ерлігі, шығармашылығы туралы кең мағлұмат берілді. «Махамбет» киносынан үзінді көрсетіліп, алғашқы кәсіби даярлық курсының тыңдаушылары А.Тобышбаева, М.Бауыржанова, А.Байғалиева, Б.Сағынбаев, Қ.Шамшедин, А.Әлуова ақынның рухты найзағай жырларын жүрекке жеткізе, жатқа

оқыды. Махамбет Өтемісұлы ақын ғана емес, оның асқақ рухты күйлері де ел ішінде кең тараған. Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйін 11-топтың тыңдаушысы Сабыржан Әбдіғалиев нақышына келтіре орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Сонымен қатар Махамбеттің өлеңдері әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, көптеген оқырманға таныс екендігі де айтылды. Оның тұлғасы мен шығармаларын танып-білуге деген қызығушылық арта түсті. Махамбеттің бойындағы халқына деген сүйіспеншілігі мен адал қызметі болашақ полицейлерге Тәуелсіздімізді қастерлеуге үлгі болары хақ.

**Жанат БЕРДАЛЫҚЫЗЫ, Ақтөбе облысы**

## ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН

**«Ес біліп, алғаш мектеп табалдырығын аттағаннан әкем секілді полиция болуды армандайтынмын. 2018 жылы орта мектепті бітіргенде «Кім боламын? Қандай мамандықты таңдаймын?» деген сұрақ болған жоқ. Бірден құжаттарымды ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясына тапсырдым» дейді Астана қаласы Полиция департаменті Есіл ауданы ПБ тергеушісі, полиция аға лейтенанты Бақытжан Сермахан.**



Оқу орнын 2022 жылы бітіріп келген жас маманның алғашқы еңбек жолы Қызылорда облысы ПД Криминалдық полиция басқармасы жедел уәкілі лауазымынан басталған. Бірнеше жыл қатарынан Тергеу бөлімінде қызмет еткен әкесінің жолын қуып, 2023 жылы Астана қаласының Байқоңыр ауданы ПБ Тергеу бөліміне ауысқан. Бүгінде жас маман тергеу саласында бірнеше қылмыстық істі тергеген білікті маман иесі.

Қашан да шынайылық пен төзімділікті, сауаттылықты талап ететін тергеуші қызметінде Бақытжан үшін ең алғашқы тәлімгері әкесі Әміржан Сермаханұлы болды.

Қызылорда облысы ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әміржан Сермаханұлы ішкі істер органында 29 жылдан астам уақыт қызмет етіп келеді.

Құқық қорғау саласының тәжірибелі маманы алғашқы қадамын тергеуші лауазымынан бастап, Қызылорда облысы ІД Қармақшы ауданы ІБ бастығы, Жалағаш аудандық ІБ бастығы, Штаб-басқармасының, Анықтау басқармасының, Тергеу басқармасының, Арал ауданы Полиция бөлімінің бастығы сияқты басшылық лауазымдарда қызмет еткен.



Алға қойған мақсаты айқын, болашаққа нық сеніммен қарайтын жас тергеуші Бақытжан Әміржанұлы әкесіне ұқсас ел тыныштығын қорғауды, халыққа жақын болуды басты міндет санайды.

**Айару БЕКЗАТ,**  
Астана қаласы ПД

## ЖАУАПТЫ ЖАСАҚ БАСТЫҒЫ

**Жас болса да әділет капитаны Сұлтанғали Айғара өзінің қарапайым мінезімен, алғырлығымен өзгелерден ерекшеленеді.**

Ол 1995 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Мектепті тәмамдаған соң 2013 жылы ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына оқуға түсті. 2017 жылы академияны тәмамдаған жас маманның Қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы еңбек жолы Жаңақорған аудандық Пробация қызметінен басталған. Қызмет барысында жаңылған жандарды қоғамға бейімдеп, олардың қайта қылмысқа бармауын қадағалап, өз жұмысының нәтижесін көрсеткен.

Жас маман №37 мекемеде Режим тобының жедел уәкілі, мекеме бастығының кезекші қызметінде жұмыс жасады. Қазіргі таңда осы мекемеде жасақ бастығы. Қызмет барысында сотталғандардың таңғы ұйқыдан тұруы, төсек-орындарын жинап, жуынып-шайынуы, таңғы ас ішуі, өндіріс орнында жұмыс істейтіндердің жұмыс орнына уақтылы баруы – жасақ бастығының қатаң қадағалауында. Сұлтанғали Айғара таңнан кешке дейін сотталғандарды қадағалап, ортаға бейімдеп, олардан талап пен тәртіпті талап етеді. Осыдан-ақ олардың жұмыстарының қаншалықты жауапты, уақтылылығын тығыз екенін байқауға болады.

Жасақ бастықтары сотталғандардың сан сауалына жауап беріп, басшылықпен ақылдасады. Түйткілді мәселелердің түйінін шешіп, түрлі іс-шаралардың ұйытқысы болады.

– Біз жасақ бастығы болған-



нан кейін өзімізге тапсырылған сотталғандарға жауаптымыз. Мен өз жасағымдағы 80 сотталғанды бақылап, әрбір іс-әрекетіне ерекше назар аударамын. Өздерін мазалаған сұрақтарымен қабылдауда болады. Оларға көмектесіп, жаза-сын өтеушілердің тәртібін қарауға тырысамыз. Жаза басып жаңылған азаматтарды түзелу жолына бағыттау, олардың өмірге деген көзқарасын өзгерту – біздің жұмысымыз. Олардың қоғамға толыққанды азамат болып оралуы – жұмысымыздың нәтижесі, – деді жасақ бастығы Сұлтанғали Таңатарұлы.

Сұлтанғали «Ішкі істер органдарының қызметкері болсам» деген бала күнгі арманына жетті. Арманының орындалуына ата-анасы қолдау көрсеткен. Ендігі мақсаты – антына адал қызмет ету.

**Дана ДОСТАНОВА,**  
Қызылорда облысы  
бойынша ҚАЖД

## АРДА ТҰТАР АРДАГЕР

**Ардагер ағаларымыздың жүріп өткен жолы – бүгінгі қоғамға, соның ішінде жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Олардың әрбір сөзі – тұнып тұрған ақыл дариясы. Осындай қазыналы қарттың қатарына ішкі істер саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек еткен ІІМ Құрметті ардагері Амангелді Өрбісінов ағамызды жатқыза аламыз.**

Амангелді Асуұлы 1943 жылы 2 қарашада Түрікмен КСР-нің Красноводск қаласында қарапайым жұмысшылар отбасында дүниеге келген. 1951 жылы Түрікменстанның Кум-даг поселкесінде орта мектепке оқуға қабылданып, 8-сыныпты бітірді. Бала-лық шағы кітап оқумен, үлкендерге қолғабыс етумен, өзге балалар секілді доп теуіп, футбол, волейбол ойнаумен өткен.

1958 жылы Ақшымырау мен Қызыл жерінде «Имағамбет» атты мұнай барлау орны ашылып, басқа Республикалардан, Әзірбайжан, Түрікменстаннан мамандар шақырылды, солардың ішінде оның туған ағасы да болды. Түрікменстанда ғылым докторы, геолог Шалабаев Саламат атты азаматтың бұл жұмысты ұйымдастыруы көптеген мұнайшылардың елге оралуына септігін тигізді. Сөйтіп 1959 жылы отбасымен Қазақстанға Гурьев облысының Форт-Шевченко қаласына қоныс аударады. Бозбала оқуын елде жалғастырады. Амангелді аға Форттағы мектепте оқып жүріп, еңбекке ерте араласады. Сол жылы ол Форт-Шевченко автобазасында слесарь үйренушісі болып жұмысқа орналасып, әрі Баутино поселкесінде жұмысшы жастардың кешкі мектебінде оқуын жалғастырды. Мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ спортпен шұғылданған 16 жастағы жігіт бұл салада спортшы-нұсқаушы атағын алып, көптеген марапаттарға ие болды.

1960 жылдан бастап БЛКЖО мүшесіне қабылданған жас жігіт 1961 жылы «Маңғышлақмұнайгаз барлау» (МГР) тресінің №1 автокөлік кеңсесіне жүргізуші болып жұмысқа орналасты. 1962 жылдың қыркүйегінен 1965 жылдың желтоқсанына дейін Павлодар индустриалды институтының машина жасау факультетінде «Іштен жану қозғауыштары (ІЖҚ) мамандығы» бойынша оқып жүргенде отбасы жағдайына байланысты осы институттың 4-курсінде оқуын тастап кетуге тура келді. Оқуын тоқтатқан ол еңбек жолын жалғастырады. Ширақтығының, өмірге деген талпынысының арқасында Ералиев поселкесінде (Құрық кенті) «МГР» тресінде дәнекерлеуші бригадирі, механиктен автоколонна бастығына дейін көтерілді. Бастауыш комсомол ұйымының хатшысы бола жүріп, ұжымның қоғамдық, спорттық өміріне белсенді қатысты. 1968 жылы КОКП (Кеңес Одағы Коммунистік партиясы) мүшелігіне қабылданды.

Еңбекқорлығымен көзге түскен жалынды жас 1970 жылы Қазақстан ЛКЖО XII съезінің делегаты болады. 1971 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Гурьев облыстық комитеті бюросының қаулысымен Алматы жоғары партия мектебіне жіберіліп, оны ойдағыдай бітіріп шықты.

Комсомол мектебінде шыңдалып, идеология майданының алдыңғы шебінен көрінді. Талай партия, кеңес қызметтерін абыроймен атқарып, елмен етене еңбек етті. 1975 жылдың шілдесінде Маңғышлақ облыстық партия комитеті бюросының жолдамасы бойынша Форт-Шевченко қалалық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі болып, содан соң 1979 жылдың тамызында Қазақстан Компартиясы Новый узень қалалық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушілігіне ауыстырылды, онда 1983 жылдың 8 желтоқсанына дейін еңбек етті.

1983-1988 жылдар аралығында бірнеше рет Маңғышлақ облыстық партия комитеті, сондай-ақ Форт-Шевченко, Новый узень қалалық комитеті және Маңғышлақ облыстық Халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланды. Еңбек еткен кезеңінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президентінің грамотасымен және комсомолдағы белсенді жұмысы үшін мақтау қағаздарымен марапатталған.

Жұмысқа белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеті оны өзгелерден даралап тұратын. Комсомолдағы қызметінен мол тәжірибе жинақтаған жас маман қай салада да өзін тек



іскерлігі мен білімі жағынан жоғары көрсете білді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің келісімімен және Маңғышлақ облыстық партия комитеті бюросының шешімімен ішкі істер органдарына қызметке жіберілді. Сөйтіп қиын саланың жауапты кезеңі басталды. Милицияда 1983 жылы 8 желтоқсанда КСРО ІІМ министрі, армия генералы В.Федорчуктің бұйрығымен милиция подполковнигі атағын алып, Маңғышлақ облыстық атқару комитеті ІБ саяси бөлімінің бастығы болып тағайындалды.

– Сол кезеңде ішкі істер органдарында саяси бөлім құрылды. Мұнда тек партия, кеңес қызметінде жасайтындар ғана облыс басшылығына жіберілетін, бұл қызмет маған бұйырды. Нұсқау бойынша саяси бөлім басшысы Халық депутаттары кеңесінің депутаты, әрі облыстық партия комитетінің мүшесі болу керек. Сол кезде облыстық Ішкі істер басқармасынан екі адам, генерал Брагин және мен болдым, – деп еске алды Амангелді Асуұлы.

Екі рет облыстық маслихаттың депутаты, облыстық комитеттің мүшесі болды. Депутат болған кезде сессияларда ішкі істер органдарының өзекті мәселелерін көтерді. Милиция қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы төмен болды, пәтер алу қиынның қиыны еді, басқарма балансына 13-шағынауданнан №21 балабақшаны алуға қол жеткізді. Қарамағындағы қызметкерлердің медициналық тұрғыдан көмек алуына қолдау көрсетті, жастардың слеттерінде олардың өмірі мен қызметі үшін өзекті мәселелерді көтерді.

Маңғышлақ облысының қайта құрылуына байланысты 1988 жылғы 1 қыркүйектен бастап Шевченко қаласындағы Гурьев облыстық атқару комитетінің жаңадан құрылған Еңбекпен түзеу колониялары бөлімшесі бастығының саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып қызметке ауыстырылды. Онда 1990 жылғы қыркүйекте қайтадан Маңғышлақ облысы құрылғанға дейін түрлі еңбекпен түзеу мекемелерінде жұмыс істеді. Ішкі істер органдарында қызмет атқарған кездерінде Амангелді аға тұрашылдығы және еңбекқорлығымен танылды.

1990 жылдан 1995 жылға дейін Маңғышлақ облыстық атқару комитетінің жеке құраммен жұмыс жөніндегі Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары лауазымында абыройлы қызмет атқарды, кейін полиция полковнигі шенімен зейнетке шықты.

Халық тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек еткен, қызметінде адалдықты алға мақсат етіп қойған азамат Амангелді Асуұлы ІІО мен Ұлттық Ұлан ардагерлерінің қазақстандық Кеңесінің төрағасы, милиция генерал-майоры Ө.Болсамбековтің атынан ішкі істер органдарындағы ұзақ және адал қызметі, жас қызметкерлерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге белсене қатысқаны үшін «Құрмет» грамотасымен, бұрынғы ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары, милиция генерал-майоры А.Бейсеновтің құзырымен алғысхатпен марапатталды. 1995 жылы Маңғыстау облысының әкімі Л.Қиыновтың атынан өлкедегі құқықтық тәртіп

пен заңдылықты нығайтуда, милиция кадрларын дайындауда қосқан үлесі үшін «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Амангелді Асуұлы жайында сол кезде қарамағында қызмет атқарған ІІО ардагері Музалипа Дүйімбайқызы былай деп еске алады: «Ұжымды талапшылдығымен, темірдей тәртібімен, парасат-пайымымен ұстай білді, әрқайсымызға қамқор болып жүретін. Ол кісінің көрсеткен қолдауы мен қамқорлығын ешқашан ұмытпаймын. Ол менің иығымға погон тағып, қызметімде абыройлы, адал маман болып қалыптасуыма ықпал етті. Қызметінде білікті маман, адамгершілігі мол, үйретері көп ұстаз ретінде өзінен кейінгілерге үлгі тұлга болды. Қазіргі таңда зейнетке шықса да, қоғамда болып жатқан оң өзгерістер мен жаңалықтарға үн қосып отырады».

Әрі қарай ардагер ағаның өлкедегі түрлі шаруашылық саласындағы қоғамдық белсенді өмірі басталды десек болады. 1995 жылғы 22 мамырдан бастап «Ақтаутрансгаз» АҚ Бас директорының орынбасары болып жұмысқа қабылданды, 2000 жылғы қазанда «Қаражанбасмұнай» АҚ («Nations Energy» компаниясы) бас менеджері лауазымына кірісті және бір жыл «Қаражанбасмұнай» АҚ («Citic Group» Қазақстан-Қытай ұлттық компаниясы) Президентінің кеңесшісі болып жұмыс істеді. Халық шаруашылығының түрлі салаларында жұмыс істеген уақытында әріптестеріне жанашырлық қарым-қатынасты ұстай отырып, талапшыл және жауапты болуға тырысты. Ол белсенді және бастамашыл болды, үнемі білімін, біліктілігін жетілдіруге ерекше назар аударды.

1993 жылы Анкара қаласында Түрік полициясының 148 жылдығын мерекелеуге түркі тілдес мемлекеттердің өкілдері шақырылды. Өз халқының жарқын болашағы жолында қызмет етуге әрдайым дайын азамат Амангелді Асуұлы сол жынға Қазақстан Республикасы ІІМ делегациясының жетекшісі ретінде қатысты. Онда кездесулер мен жарыстар өтті. Әзірбайжандар мен түріктерге жол беріп, 107 мемлекеттің ішінен біздің команда 3-орын алды.

Амангелді Асуұлы – ізгілікке жақын жан. Сондай қайырымды ісімен көптің көңілінен шыққан ардагер өлкеге танымал азамат, жазушы Сәбит Әбішұлының Шоңай Құлыш би туралы кітабын шығаруға көмектесті. Қолында билігі бар азаматтарға кітаптың баспаға шығуына ықпал етуіне ұсыныс жасап, туындының жарық көруіне тікелей себепші болды.

Бүгінгі басты кейіпкеріміз – балаларына қамқор әке, немерелеріне сүйікті ата. Жұбайы Роза Сәрсенбайқызы 1998 жылы, тұңғыш қызы Шолпан 1986 жылы өмірден озды. Десе де, қиындыққа мойымастан балаларының жоғары білім алуына, тәрбиелі азамат болып қалыптасуына үлес қосты. Әкеден алған тағылымы балаға өмірлік бағыт-бағдар болмақ. Ағаның ұрпақтары да сол әкеден көрген ізгілікті істерін жалғастырып келеді. Олар – бүгінде әрқайсысы өмірден өз орындарын тапқан білікті мамандар.

**Ардақ НӘУБЕТ,**  
Маңғыстау облысы ПД

Жалғасы. Басы өткен нөмірлерде

АЛДАЖАР ӘБИЛОВ

# ҚАРА АҒАШ ТҮБІНДЕГІ ОҚИҒА

Хикая-детектив

Миы сапырылысқан ойдан қорғасындай болып, басы бейне шытынап жарылып кететіндей көрінуде. «Қызы да бір әперис екен ғой, бұл қайдан білсін, үш жыл мұрындықтады да отырды-ау... Алматыдан каникулға келді бітті, бұған хабар салады, тапқан-таянғанын қалтасына салып бұл жетеді енгітіп. Ақмешіт, Жаңақорған, Шымкент, Түркістанда бұлар бармаған кафе, ресторанды ма екен, сіра. Әй, жарымеспін ғой, мисыз әумесермін ғой. «Ау, ол кім? Мен кім?» деп бір ойланбағаным-ау, құмалағымды қаға алмай жүріп байддың сұлу қызы не теңім десейші?! Атын да баптадым, бәйгеге де, көкпарына да шаптым... Қаншама табыс тапты!.. Одан бірдеңе берсе де, бермесе де риза болдым ғой мен дерак. Әкем қасқа да мақтаншақтау еді ғой, марқұм «Балам, солардың айтқанын істей бер, жаман болмаймыз» деп ыңылдады да отырды, ыңылдады да отырды. Ал істедік, не таптық, сотталайын деп отырмын енді...»

«Қайдан білейін мен сорлы, болашақ қайын атам болады деп жүрген, оның үстіне автоәзіраушілердің Құдайы атанған адам бар, анау облысты ұстап тұрған көзі бақырайған алпамсадай дәу бар. «Өскеннің» жігіттерінің машиналары батпақтап қалыпты дария жақта, итеріп шығарысып жібер» дегесін барған едім ғой. Үлкен лауазымды адамдардың машинаны бірге итерісіп жүргеніне қарап, сонда «Алла-ау, мынау не деген керемет адамдар, не деген кішіпейіл жандар!» деп ойлаған едім ғой. Сөйтпін жүргенде ішіндегі адамдарымен қоса машина дарияға күмп берді. Ішінде екі адам бар екенін, олардың кім екенін кейін естіді ғой бұл сорлы. Сонда «Мыналар ана марқұмдарды әдейі дарияға ағызып жіберейін деп тұрған жоқ па?» деген ой келмегенін қарамайсың ба? Ол ой келсе, осылай отырар ма едім? Кейін білді ғой мұның сырын, бармағына қоса басқа жеріңді тістесен де барлығы көш еді ғой ол кезде. Не болса да, бітті енді, алты жылдан бері мазалап, ұйқы бермей жүрген салмақтан құтылды. Бүгін бір тыныш ұйықтайтын шығар енді». Көзі ілініп бара жатыр еді, тағы да көз алдына Ордабек келді.

«Әй, Ордабек... Ордаке! Тағы келіп тұрсың ба? Бәрін мойныма алдым. Риза шығарсың. Тіпті түсіме кіріп, тісің ақсылып, маза бермей қойдың ғой. Сені өлтірейін деген ой жоқ еді, әлгі иттердің айтағына еріп... Не дейсің? «Мал қайда?» дейсің бе? Иә... иә... сен елерден он күн бұрын мал санағы өтті ғой, сенікі түгел шықты. Сен өлгесін жүргізген санақта сексен жеті бас кем шықты. Оны мен алдым, қара басты ғой әлгілердің сөзіне сеніп. Біліп жатқан шығарсың, ана Тұрғанбай туысқаның да бар қасында, сенің дененді кепеге тыққасын, оны қасыма ертіп, малды өзіміздің қораға айдай жөнелдім. Әкем сорлығы кім айтқанын білмеймін, ауылдан сырттағы қораға малды айдап келсек «Урал» мотоциклімен келіп, есігін ашып тұр ғой. Негізі, әлгі камерсант шығар солай істе деген. Ол малдың біразын әлгі дәу бастық, біразын камерсант құртты, маған тигені қой құмалағындай ғана. Ал мен болдым... Тұрсынбай сорлы да барлығын мойындапты ғой, жалғыз болмапсың, келер қасыма мөтендеп. Құлың болайын, маза берші енді маған!..»

Бұл кезде облыс басшыларының бірі болып отырған лауазымды адам да осы іске қажетті дегендермен телефон арқылы байланысып, көңілін бірлеп отырған. Сонда да ойынан жаңақорғандық кәсіпкердің хабары шығар емес. Осы жігітті іші ұнатпаса да, лауазым иесі оның дүние байлық үшін бөріне дайын екенін ұнатады, онысы бұған жақсы, ақша болып құяды.

Сол күні, иә... иә, осыдан алты жыл бұрын ол «көкелеп» тағы да келген еді, Ресейден бензин әкелу үшін көмек сұрады. Бұл ішінен «Не деген аппетит!» деп қойды анау «бір состав» дегенде. Ойлана бастады, одан түсетіні де аз емес, оның үстіне

көктемгі егіске бөлінгеннен қытығаны бар, оны да осыған сатқызады, қомақты қаржы болатын түрі бар. Біраз ыңыранып отырды, санасында ананың «Жаңақорған ауданы бес-алты айдан бері айлық алған жоқ, жалақы орнына мал, астық, жанар-жағар маймен құтылуда» деген сөзі, бір сәт мол қазына түсетін істің құлағы көрінгендей болды. Аудан басшысына телефон соқты, барлық шаруашылық бойынша жалақы қарызы жоқ екен, әлгінің айтқаны рас болды. Облфинмен, банкпен сөйлесті,



әр ауданға там-тұмдап беретін ақша келіпті.

Ертеңіне бұл іске кірісті. Құпия ұстайтын екі арызқойы бар еді, соның біреуін шақыртты да, қалтасына жол пұлы үшін ақша салып, жұмыс бағытын түсіндірді, ол жолға шықты. Сол күні мұның атына Жаңақорғаннан телеграмма түсті. Кімнен екен белгісіз, бірақ ««Өскен» колхозының халқы көптен ақша алмаған, жиналып, көшеге шықпақшы екен» деген мағынадағы хабар қолына тиісімен лауазымды адам аудан басшысына, аудандық банкке телефон соқты, «Өскеннің» төрағасын өзіне шақыртты.

Кеңес билігінің соңғы жылдарында Шымкент облысынан қызмет бабымен ауысып келген жігіт ағасы ел жағына қайтқасы келетінін бұған бірнеше рет айтқан болатын, ылдым-жылдымы жоқ оны ұнатпайтындықтан бұл келісім бермей жүргенді. Мезгілі енді келген сияқты. Екеуара әңгіме ел жайын сұраудан басталды. Анау терлеп-тепшіп баяндауда. Біраздан соң бұл телеграмманы көрсетті, ананың көзі шарасынан шығып кетті.

– Апыр-ау, мен шыққанда аман еді ғой. Мен шыққанда аман болатын...

– Сен шыққанда не болғаны бізге керек емес, неге халықты толқуға дейін жеткізесіңдер?

– Енді... Ауылдың айтқанын істеп отырмыз ғой... Енді...

– Інім, саған жаным ашып отыр. Сырттың адамысың, еліңнен де ұяламын, ертеңдері «Бір жігіт елдеріңе барып қалып еді, сиғызбай, соттатып жіберіңдер» деген әңгімеге қалармыз. Не болғанда да мына әңгімені басу керек, жоғарыға шығып кетсе не болатынын Құдай білсін? Мен ауданыңның басшысымен, райфомен, банкпен сөйлестім, қазір облбанкке келіп тұрған ақша аз ғой, әр ауданға жеті-сегіз миллионнан ғана беруге мүмкіндік болып тұр. Мен сендердің ауданға бөлінген қаржының барлығын сендерге бергізгілі отырмын. Дабыра қылмау керек, көп қаржы ғой, ертең түстен кейін кассирді бір көлікпен жіберіп, райбанктен сол ақшаны алып ал. Келесі айда келесі колхозға бересің, сөйтпін отырмасақ болатын емес.

– Ау, біздің айлыққа қарызымыз

жоқ, бәрін мал, запчасть, бензин есебінен беріп тастағанбыз. Мұны не істейміз сонда?

– Барлық жұымда да сондай. Ал шу шығарып отырған сендердің ауылың, сосын мен сендерге көмектескелі отырмын. Келесі айдың есебінен беріңдер, әйтеуір, ел тынышталу керек. Понятно?

– Жақсы...Түсіндім... Бір таблетка «УАЗ» және екі-үш жігіт бөлейін кассирдің қасына.

– Өйтпе. Жұрттың құлағын көтеруге болмайды. Бес орындық «Уаз»

ры келмеді.

– Әй, немене, мұнда надежный жігіттер жоқ па?

– Бар ғой... Жаңа үйдің жанында жүрген Сағадат деген...

– Давай... Онда соны ертіп әкел! Зуылдап тұрған машинаға сөз бопа, ол Сағадатты лезде-ақ жеткізді. Үшеулеп машинаны итере бастады. Сағадат жанын салып мықшыңдауда, орнынан қаттырақ қозғалып кеткен машинаның рөлін бұл кезде Жәмит дарияға бұрып үлгірген болатын. Сағадат шошып кетті.

ған түрмеге жібер бір жасыныңды, қимайсың ба? Қия гөрші бір отыңды... Бүйтіп отырғанша жай соғып, тіл тартпай кетейін... Жалынамын... Сұраймын... Жіберші бір от оғыңды... Жұрт ең болмағанда «Сағадат сорлы найзағайдан кетті» дейді ғой... Не еткен сараң ең... Маған сол өлімді де қимай тұрсың ба? Онсыз да тірі өлік болып тұрған менің немді аяйсың? Аяма! Түсіме Ордабектің кіріп, тісі ақсия күлетінінің өзі мені тірілер ауылынан алыстатып бара жатқанын сезесің бе, Құдай? Сезсең неге селт етпейсің? Жібер бір жай отыңды!..»

Ол күңірене күрсінді, тағы да қалғанды, тағы да күбірлей бастады. «Әй, Ордабек, Ордаке! Тәңір атқырай, ізімнен қалмадың ғой... Өшің бардай тағы келіп тұрсың ба? Иә, иә... Сенікі жөн ғой. Оны білемін. Айттым ғой «Бәрін мойныма алдым» деп. Риза шығарсың. Немене? «Бәрін айтқан жоқсың» дейсің бе? Нені айтпаппын? Ә... Суға кеткендерді ме? Иә, оны айтқан жоқпын... Айтсам, аналар бәрібір аман қалады да, мен келмеске кетемін ғой. Өзің де қызықсың ғой, сол нәлеттердің ісін көрмей-ақ қойсаң қайтетін еді? Көрдің екен, мені бопсаламауың керек еді!.. Мен қайтемін, барамын да әлгілерге айтамын...Оларды білесің ғой...»

Иә, сол күні Ордабек Жаңақорғанға келген болатын. Мал жаятын тұста қаңғыбас иттер көбейіп кеткен еді. Бұл болса атпен қуып жүріп, бұғалық тастап, жетеуін жер жастандырды. Мал болса өз бетінше жайылып жатыр, қолы бас, енді не істейді? Иттердің барлығын әдемілеп сойды, терілерді қоржынында жүретін түзбен пұшағына дейін қалдырмай тұздап тастады. Ойы – жұмыстан таластау кезде илеп, құлақшын тіккізу. Ішінен «Үй-ішімізбен ит терісінен бас киім киетін болдық қой» деп өзін әжуалап та алады. Алыстау болса да, ерінбей жаңа канал бойына апарып жеті иттің ішек- қарнын тазалап, үнемі қанжығада жүретін қаптарға салып алды. Сол күні ауылдан туыс інісін шақыртып, малға ертеңге дейін қарай тұруын сұрады.

– Бала... Бір шаруа шығып тұр... Мен түстен кейін Жаңақорғанға бармақшымын. Ертең түске дейін келемін, малға қара, бір-екі бөтелек ала келермін...

– Ордаке... Маған самапал жақпайтынын білесің ғой... Тек тазасынан болсын.

– Келістік.

– Ордаке, жұрт «бөтелек» дейді, неге сіз «бөтелек» дейсіз?

– Жаңақорғанда аднапалшаным бар, Юра деген кәріс. Сол «бөтелек» деп атайды, соны менің «бөтелек» деп қазақшалап алып жүргенім ғой.

Ол иттердің еті мен ішек-қарнын қапқа салып, кенттен бір-ақ шықты. Әскерде екі жыл бірге болған Юра үйінде екен, қуана қарсы алды.

– Әй... кәріс, амансың ба?

– А...Фронт... кел, кел...

Юраның ұлты кәріс демесең, қазақша ағып тұр. Әйелі неміс қызы Вера қазақша әндерді тамылжыта шықпайды, екеуінің де бабалары сонау өткен ғасырларда тағдыр айдап осы жаққа келіп қалған екен. Енді бұлар солардың ізін жалғауда, тынымсыз еңбекпен күн көруде. Ордабек келген шаруасын айтты, олар құптады. Юрада тұрақты жұмыс жоқ, жаз шықса болды, күріш егіп кеткені. Өзі «Менің мамандығым – гектарник» деп мақтанып отыратын. Ол – осы аудандағы бірден-бір ит майын өндіруші.

Жалғасы бар

КӨҢІЛ АЙТУ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басшылығы және ішкі істер органдары ұжымының атынан ІІМ Тергеу департаментінің басқарма бастығының орынбасары, полиция полковнигі

Динара Төрегелдіқызы Шайкенованың

мезгілсіз қайтыс болуына орай марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# ЖОЛ ЖАҚҚА ҚАРАЙЛАЙДЫ...

ҚР ИІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қарайтын №64 мекемеде «Ашық есік» күні өтті. Бұл күні тергеу изоляторының шаруашылық қызмет көрсету жасағының сотталғандары жақын туыстарымен кездесті.



үкімімен үш жыл жазаға кесілген, бүгінде белгіленген мерзімінің 10 айын өтеген.

Шараның ашылуында мекеме бастығының Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әділет подполковнигі Марат Жакишев мұндай кездесулер сотталғандардың көңіл-күйіне оң ықпал ететінін, жақындарымен жүздесу олардың өмір сүруге деген құлшыны-



дары жақсы түсінеді. Баламызды көріп, көңіліміз орнына түсті, – дейді Жарастың әкесі Руслан Сейітов.

Дәл осындай еркелікті есерлікке жалғаған Мейірбектің әкесі Мейрамбек те баласының болашақта қателігінен сабақ алып, ала жіпті аттамайтынынан үмітті. 21 жастағы бозбала ұрлыққа барып, 1 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылған. Десе де Мейірбек өнерге жақын азамат екен. Концерттік шарада ол бірнеше



сын арттыратынын айтты. Өз кезегінде жазасын өтеушілердің туыстары да осындай мүмкіндік сыйлаған мекеме басшылығына алғысын білдірді. «Ашық есік» күніне келген қонақтарға арналған шара концерттік бағдарламаға ұласып, сотталғандар туыстарына өз өнерлерін көрсетті.

Жарас Оразовтың ата-анасы



№64 мекеменің шаруашылық қызмет көрсету жасағының құрамында 43 сотталған бар. Олар мекемедегі тазалық, ас әзірлеу жұмыстарына, сондай-ақ түрлі техникалық ақауларды жөндеуге жауапты. Тергеу изоляторында бес жылға дейін бас бостандығынан айырылған сотталғандар жазасын өтейді.

«Ашық есік» күні аясында сотталғандардың көбінің көзі есікке телмірулі. Бірі ата-анасын, бірі жан жарын, енді бірі бауырын күтіп, сағынышын басуға асық. Солардың бірі – анасын күтіп отырған Болат Оспанов. Ол ҚР Қылмыстық кодексінің 346-бабының 2-бөлігі бойынша істі болған. Нақтырақ айтсақ, масаң күйде көлік тізгіндеп, жол апатын жасаған. Сот



есірткі қолданып, сотталған баласын екі айда бір рет көріп тұрады. «Жалғыз баласы бардың шығаршықпас жаны бар» дегендей, өз баласын өзекке тебе алмайтынын айтты.

– Қай ата-ана баласының осындай жерге тап болғанын қалайды? Баламыз бір шалыс басып, қателесті. Алдағы уақытта түзу жолдан таймайды деген сенімдеміз. Әйелім екеуіміз шаңырақ көтергеннен кейін ұлымыз 13 жылдан соң дүниеге келді. Ерке өсті, бетінен қақпадық. Басты қателігіміз де сол шығар. «Ашық есік» күнінің маңызын ба-сына іс түскен адамдардың жақын-

әнді нақышына келтіріп орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

«Ашық есік» күніне артынып-тартынып келген жақындары темір тордың ар жағында отырғандарға жылы киім де, тәтті тамағын да толтырып әкелген. Сонымен қоса, кешірімді ата-ана баласының маңдайынан сүйіп, шексіз мейірімі мен махаббатына бөлеп бара жатыр...

**Гауһарай ЕСИМОВА,**  
сүрептерді түсірген  
**Медет ӘШІРБЕКОВ**  
(Сотталғандар мен олардың ата-анасының аты-жөні өзгертілген)

## ЖЕҢІСТІҢ ЖЕМІСТІ ЖАЛҒАСЫ

ҚР ИІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының 1-курс курсанттары Рамина Тұрсынғали мен Әсем Қуандықова Семей қаласында самбодан әйелдер арасында өткен жарыста үшінші орынды иеленді.

Тартысты өткен жарыста 80 келі салмақ дәрежесінде академия намысын қорғаған Рамина Тұрсынғалидың жеңіске деген ұмтылысқа толы қимылдары жарыс төрешілерінің назарынан тыс қалған жоқ. Сондай-ақ 65 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған Әсем Қуандықованың жарыс кезіндегі күрес тәсілдері жеңіске жеткізді.

– Біз самбо күресімен мектепте оқып жүргенде-ақ айналыса бастадық. Биыл М.Есболатов атындағы Алматы академиясына түскен кезден бастап самбодан жаттығуды жалғас-

тырып келеміз. Өзіміз білім алып жүрген Академияда спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Спортты серік етудегі мақсатымыз – болашақта ішкі істер органдарының қатарын шыныққан, жарыстарда шыңдалған мамандармен толықтыру, – дейді жеңімпаз қыздар.

Самбо жарысының жеңімпаз курсанттары Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің арнайы дипломымен марапатталды.

Осындай ақжолтай жаңалықтың

жалғасындай болып курсант Әсем Қуандықова Шымкентте өткен Спорттық және жауынгерлік самбодан 23 жасқа дейінгі әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 72 салмақ дәрежесінде 1 орынды иеленді. Осылайша Әсем Қуандықова «Қазақстан Республикасының спорт шебері» нормативын орындады.

**Динара АСАНОВА,**  
ІІМ Алматы академиясы  
ішкі және сыртқы  
коммуникациялар  
бөлімшесінің бастығы



**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директор  
**Лаура ЖАКУПОВА**

Бас редактор  
**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**

**РЕДАКЦИЯ:**

Шеф-редактор:  
**Жұлдыз ТОЙБЕК**

Жауапты хатшы:  
**Айнур ЖЫЛҚЫШИНОВА**

Тілшілер:  
**Гауһарай ЕСИМОВА**  
**Раушан НАРБЕК,**  
**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Жынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Елпи» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индексі: **65395**  
Таралымы: **15977**  
Тапсырыс: **№ 1731**

**БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:**  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИЖ – KС1ВК2КХ  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz